ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 25 шілде іс № 5501-24-00-2/1971 Павлодар қаласы

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Сләм, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы - 6638 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
Туребекова Әсемай Толыбайқызы «Атамекен» жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы.

ҚАРАР БӨЛІМІ:
АПК-нің 109, 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШТІ:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы - 6638 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің Туребекова Әсемай Толыбайқызы «Атамекен» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызы қанағаттандырылсын.

Туребекова Әсемай Толыбайқызы «Атамекен» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Туребекова Әсемай Толыбайқызы «Атамекен» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне төлем шығыстары бойынша мемлекеттік баж 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешіміне, шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа, шешімнің күшін жою туралы талап арызбен жүгінуге құқылы. Талап арыз сотқа, егер жауапкер талап арыздың сотқа келіп түскені мен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы жеткілікті

дәрежеде хабарланбаған және талап арызға өз пікірін білдіре алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беріледі.

Судья **А. Сләм**

Копия верна:

Судья **А. Сләм**

Справка: решение вступило в законную силу 03 сентября 2024 года.

Судья **А. Сләм**

Құжатқа қол қойылған: Сләм А. С., 25.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024, судья Сләм А. С., 04.09.2024

5501-24-3-1/2144